

Атақты жерлесіміздің өнегелі өмірі мен өрісі, биік таланты бір кезде қандай жарқын да жанды қасиеттерімен көрінсе, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында толық сақтауда. Мұның өзі заңды да еді. Қазақ тарихында Ыбырай Алтынсаринның есімі үркердей мәңгі жарқырайды. Ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер – білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді. Қазіргі таңда Ыбырайдың осы арманы орындалғанына көзіміз жетіп отыр. Өйткені, Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңіне куәгер болудамыз, Ыбырай салған сара жолмен бейбіт елде, бейбіт елдің ұландарын білім нәрімен сусындатудамыз, Ыбырай салған ұстаздық жолда еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеудеміз, оның әңгімелері мен өлеңдерін жас ұрпақтың санасына құюдамыз.

Қорыта айтқанда, ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің шығармашылығы жалпы адамзат өмірімен тығыз байланысты. Адамның нағыз адам атануына, өмірдегі ой-толғанысына ерекше мән бере отырып, мысалдар келтірген. Өз халқын білім алуға, өнерге үндеуі надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеуметтік теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі өмірдегі ең құнды еңбегі болып табылады. Сондықтан да Ыбырай Алтынсариннің шығармалары қазақ әдебиетіміздің төрінен орын алып, қазақ жастарының жан-жақты, білімді азамат болуына өз ықпалын тигізе бермек.

«Өсер елдің ұлы өнерлі, қызы мінезді келеді» дейді дана халқымыз. Егеменді ел тірегі – білімді ұрпақ десек, тәрбиелеп отырған өрендеріміздің болашағы ХХІ ғасырмен тұстас келгеніне қуаныштымыз. Өйткені, ХХІ ғасыр – білім ғасыры. Білімділерді аялап тербетер, баптап өсірер саналы тәрбие мен сапалы білім керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Сарбаева А.М. «Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. ІХ-ХІХ ғасырлар. Ғұлама тағылымы»: Оқу-әдістемелік құрал. – Көкшетау: «Келешек 2030», 2011ж.
2. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Толығырақ: <https://egemen.kz/article/nursultannazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
3. Мұхамедхарым Жармұхамедов «Ыбырай Алтынсарин тағлымы» (әдеби – сын мақалалар мен зерттеулер). – Алматы: «Жазушы», 1991.
4. Мұсабеков Ө. Тұлғаға бағытталған білім. – Қазақстан мектебі, 2007/1.

#### **«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ЕҢГІЗГЕН ӨЗГЕРІСТЕРІ, РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫНА ТИГІЗГЕН ЫҚПАЛЫ»**

*Байсаматова Бахыт Мырзабековна,*  
«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №29 жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
бастауыш сынып мұғалімі,  
*Байсаматова Жұлдыз Мырзабековна,*  
«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ,  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
*Байсаматова Жанар Мырзабековна,*  
«Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің  
Омар Шипин атындағы орта мектебі» КММ, бастауыш сынып мұғалімі,  
Қостанай қаласы

#### **Аннотация**

Өзектілігі: Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің еңбектерін талдай отырып, қазақ қоғамына еңгізген өзгерістері мен өзінің оқушылары арқылы барлық қоғамның рухани-адамгершілік дамуына қалай әсер еткені сөз етіледі. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналып жазған еңбек-

тері әлі де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Сол себепті де оларды білім беру бағдарламаларында қолдану жалғасуы керек екені айтылады.

Мақсаты: Ыбырай Алтынсариннің еңбек жолын, еңбегін айта отырып, жаңа буын жас мамандарға рухани-адамгершілік дамудың қалай жүзеге асуын көрсету.

**Түйінді сөздер:** өзгерістер, рухани даму, өзектілік, қолдану, қоғам, тәрбиелеу, еңгізген, танымдық, идеялық.

#### Аннотация

Актуальность :В данной статье анализируются работы Ибрая Алтынсарина и обсуждаются изменения, которые он внес в казахстанское общество, и то, как он повлиял на духовно-нравственное развитие общества в целом через своих учеников. Не утратили актуальности детские произведения Ибрая Алтынсарина. Поэтому необходимо продолжать их использование в образовательных программах.

Цель: рассказывая о трудах Ибрая Алтынсарина, показать новому поколению молодых специалистов, как осуществлять духовно-нравственное развитие.

**Ключевые слова:** изменение, духовное развитие, актуальность, применение, общество, воспитание, внедрение, познавательный, идеологический.

#### Abstract

Relevance: in this article, analyzing the works of Ibrai Altynsarin, we will talk about the changes he made in Kazakh society and how he influenced the spiritual and moral development of the entire society through his students. Ybyrai Altynsarin's works for children have not lost their relevance yet. Therefore, their use in educational programs should continue.

Goal: Purpose to show the new generation of young professionals how to carry out spiritual and moral development, to tell about the career of Ibrai Altynsarin.

**Keywords:** change, spiritual development, relevance, application, society, education, introduction, cognitive, ideological, Goal.

Бүкіл қазақ баласына «Кел, балалар оқылық!» деп ұран тастаған ұлы адам, ұлы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин бейнесі бұрынғы өткен ғасырларда да, алдағы ғасырларда да тарихта мәңгілікке жазылған. Уақыт өткен сайын биіктей түсетін және алдымыздан алтын әріппен жарқырап шыға беретін құдыретті есім болып қала берері сөзсіз. Өйткені, қазақ даласында бірінші болып мектеп ашып, білім шырағын жағу, ана тілінде оқыту секілді халық өмірінде бұрын-соңды болмаған зор әлеуметтік мақсаттарды орындау Ы. Алтынсаринге ол кезде оңайға түскен жоқ. Ыбырай атамыздың қажырлы еңбегі, күресі арқасында қазақ сахарасының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен – балаларды білімге, өнерге шақырған қоңырау үні тұңғыш рет естілді. Атамыздың айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі – оның қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы. Ы. Алтынсариннің бастаған жолы осы уақытқа дейін жалғасуда. Елімізде барлық бүлдіршіндер жыл сайын мектеп табалдырығын аттап, он бір жылдық білім алып, үлкен азамат болып жаңа өмір есігін ашуда.

Ыбырай Алтынсарин қазақ қоғамына қандай өзгерістер енгізді? Қарапайым халықты сауаттандыру арқылы қараңғы қазақтың көзін ашу, білім беру арқылы жаңаша көзқарасты қалыптастырды. «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңіндегі дамыған елдер деңгейіне талпыну, озық, білімді ел құру идеясының дәнін егіп кетті. Балаларға арналған әңгімелері арқылы адамгершілік, инабаттық, әдеп заңдарын бала бойына кішкентайдан енгізу керектігін көрсетті. Ол дін, салт-дәстүрмен тәрбиенің байланысын жақсы түсінді. Ы.Алтынсариннің «Мұсылмандық тұтқасы» («Шарайт-ул-ислам») кітабын жазып шығаруына екі түрлі жағдай себеп болды: біріншіден, сол заманда қазақ ауылдарында оқытылатын діни кітаптар («Иманшарт», «Кәлем шариф», «Әптиек» т. б.) араб тілінде жазылғандықтан, оның мазмұнын не молда, не оқушы түсінбей, құрғақ жаттаумен болды. Ал діни оқулықтардың мазмұнын жете түсінбеген дүмше молдалар дін-шарифат қағидаларын өздерінше бұрмалап, теріс түсініктер беретін. Ыбырай ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, иманжүзділік, қайырымдылық қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарастарына негіздей отырып түсіндіруді көздеді [1]. Былай қарасақ, ислам діні қазақ қоғамында 8-9 ғасырлар арасынан бастап таралса да оның шын мәнін дұрыс

түсінуге де Ыбырайдың ықпалы тиіп отыр. «Парыз түсу түгіл бұл мұқтаж шарттарды білмеген кісі мұсылман да болмайды. Құдай тағала өзі сақтасын, соның үшін бізбен қатар татар, түркі уә ғайри 16 халықтар аят хадистің 17 мұқтаж, керекті бұйрықтарын өз тілінше көшіріп, түсінетін кітаптар шығарып, діннің ғылымын жұрттарына жайды. Бірақ біздің қазақ тілінде әркім түсініп оқып немесе біреу оқыса тыңдаған кара халық түсініп отыратын бір де бір кітап жоқ. Сол себептен жалғыз кітап таныған молдалар болмаса көп кара халық өзінің діні не екенін де кәміл түсінбейді. Хатта көп адам осы қалыпша кәпір болып та жүрген шығар», – дейді өзінің кітабында [2, 5-бет].

«Бізге ең ауыр, жауапты кезең кез келіп отыр: бұл кезеңде біз бәрін жаңадан бастап жасауымыз керек, осы жаңалықтың бәрін қараңғы халықтың арасына енгізіп, күшіміздің келгенінше, біліміздің жеткенінше, олардың көзін ашуымыз керек. Сол себепті мен ел аралап, қоғамнан және әр түрлі қоғамдық уездерден, облыстық болыстардан ақша сұрап жүрмін» – деп, Ы.Алтынсарин 7 бастауыш мектеп, 4 екікластық қазақ балаларына арналған училище, сонымен қатар қыздарға арналған орыс-қазақ мектебін ашқызды [2]. 1883 жылы Орскіде қазақ мұғалімдер семинариясы ашылды. Ы.Алтынсарин зиялы халық мектептерін ашып қана қойған жоқ, сонымен бірге дидактикалық оқыту принциптері мен балаларды тәрбиелеуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар жазды. Бұл – қазақ қоғамына енгізген үлкен өзгеріс еді.

«Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы, – деп жазды Ыбырай Алтынсарин, – барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі – осы, тек осы мектептерде» [3]. Ұлы ұстаздың осы сөзінен-ақ оның болашаққа бағытталған көреген саясатын көруге болады. Ұлттың дамуы ол – ұрпақтың білімді болуында екенін сол кезде түсінген Ы. Алтынсарин қазақ арасында мектептер ашып, халықты жаппай сауаттандыру жұмысына кіріскен.

Ыбырай Алтынсариннің айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі – оның қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы. «Қазақ хрестоматиясына» енген алуан жанрдағы шығармалар мұның айқын дәлелі. Ол төл туындыларын жазғанда да, орыс және Европа халықтары әдебиетінен аудармалар жасағанда да бір мақсатты қатты ұстанды. Ең алдымен ол туындылардың балалар ұғымына сай олардың қиял-ойын шарықтататындай тағлымды да қызықты болуына баса назар аударады. Сондықтан оның әңгімелерінен балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптардың барлығы да, атап айтқанда, туындының көлемінің шағындығы мен құрылысының қарапайымдылығы, тілінің таза, түсінікті әрі шұрайлылығы, тәрбиелік, танымдық мәннің жоғарылығы, оқиғалардың балалар ұғымы мен жасына сай, көркем әрі қызықты баяндалуы, балаларға тән мінез, әрекет, ой қиялдың табиғи шынайы ашылуы.

Ыбырай педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды еңгізген болатын. Бұл шығармалардың тақырыптық-идеялық мазмұнынан біз ұстаз – тәрбиеші ретінде алдыға мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз. Олар жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді, ата-ананы қадірлеу, өнер білімді байлық дәулеттен жоғары қою т.б. жатады. Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, оқылық!» – «Қазақ хрестоматиясының» беташар өлеңі. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырады.

Ыбырай мектебі – қазақ халқын ұлт ретінде азаттыққа жетелеген, күреске дайындаған, ең алғашқы қазақ зиялыларын қалыптастырған мектеп. Кез келген нәрсе нәтижесімен өлшенеді. Ыбырай мектебінің жемісі, бұл – Алаш партиясы. Ал, Алаш арыстарының бәрі – осы мектептің түлегі деп айтуға толық негіз бар. Себебі, олар осы үрдіспен тәрбиеленіп, «Қазақ хрестоматиясын» оқып өскендер. Соның арқасында Әлихан Бөкейханов бастаған тұлғалар қазақтың азаттығы үшін күрестіп, мемлекетіміздің негізін қа-

лыптастырды [4]. Себебі, тек білімді, зиялы халық қана халықтың мұн-мұқтажын түсінеді, қалай даму керектігін біледі, елінің мүддесін қорғайды.

Орыс әдебиетінің ықпалы әсерінен Ыбырай Алтынсарин әдебиетімізге пейзаждық табиғат лирикасын енгізіп, табиғат көріністерін суреттеуге арналған «Өзен», «Жаз» өлеңдерін өмірге әкелді. Мұндай тұтас лирикалық, пейзаждық өлеңдер Ыбырайға дейінгі қазақ поэзиясында кездеспеген. Бұл оқып отырған адамның рухани дамуына әсер етеді. Табиғат лирикасы арқылы сұлулықты көре білетін сезімтал адамды тәрбиелейді.

Еңбекті сүйе және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерінде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейіткұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Дүние қалай етсең табылады», «Бай мен жарлы баласы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Сәтемір хан», «Таза бұлақ» тағы басқа әңгімелері еңбек тәрбиесі мәселесіне арналған. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек ететінін айта келіп, оларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші сияқты сен де еңбек ет, босқа жатпа деп үйретеді. «Әке мен бала» деген шығармасының түйінін «Аз жұмысты қиынсынаң, көп жұмысқа тап боларсың» деп еңбекке, тиянақтылыққа тәрбиелейді [5].

Мектеп бағдарламасында Ы.Алтынсариннің шығармашылығын меңгертуге бірнеше сағаттар бөлінген. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршін «Кел, балалар, оқылық» өлеңін жаттап өссе, кейінгі сыныптарда ұлы ағартушының тәрбиелік мәні өте жоғары әңгімелері мен лирикаға тұнып тұрған өлеңдерін оқып-үйренеді. Үйреніп қана қоймай, сол туындылардың астарында жатқан адамгершілік асыл қасиеттерді бойларына сіңіріп өседі. Әр шығармасында Ы.Алтынсарин адамгершілікке сай келетін жақсылық істердің не екенін ашып беруге тырысады. Ол халық қамын ойлау, қоғам пайдасын өз жеке басының пайдасынан жоғары қою адамгершіліктің ең жоғары өлшемі деп санайды [6].

Балалар әдебиетінің атасы саналатын Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық әдеби мұрасы ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин «Өз Отанымыздың пайдасына қолдан келгенше қызмет ету – әрқайсымыздың борышымыз!» деп, халқы үшін аянбай тер төкті. Жас ұрпаққа сапалы білім беру өзінің өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі жаһандану, цифрлану заманында да адамдардың адамгершілік, рухани тәрбиеге сұранысы ешуақытта азаймайды. Сол себепті де Ыбырай Алтынсариннің шығармалары әлі де оқу бағдарламаларынан ойып тұрып орын алады. Ұлы ұстаздың халқы үшін аянбай еңбек етуі мұғалімдікті таңдаған кейінгі жастарға үлгі болып қалуы керек. Ұстаз білім тәрбиемен берілуі керек екенін кейінгі ұстаздарға түсіндіріп кетті. Осы заманда тәрбие мәселесі өзекті мәселе. Қанша білімді болса да, тәрбие болмаған жерде ештеңе де көгермейтінін уақыт көрсетіп берді. Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығын оқып, зерделеп отыру – ұстаздар қауымының бұлжымас борышы болуы керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ы.Алтынсариннің педагогикалық ой пікірлері – <https://baribar.kz/student/11754/y-altynsarininh-pedagogikalyq-oy-pikirleri/>.
2. Мұсылманшылықтың тұтқасы. («Шарайт-ул-ислам») Основы мусульманства (корни) – Ақтөбе, «Фатима-принт» баспаханасы 2014. – 64б.
3. Қуанышбаев С.Б. Ыбырай Алтынсарин туралы. – Ы. Алтынсарин атындағы арқалық педагогикалық институты сайты.
4. Өтелбаева С. Ыбырай музейіне 20 жыл. – «Қостанай таңы» газеті, 26 қаңтар 2021 жыл.
5. Тұрсынғалиева С.Ч., Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті: оқулығы. – 2013.
6. Мұстафина М.Ә. Ы. Алтынсариннің шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы. – ҚазҰУ Хабаршысы ж. – 2011.
7. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1955. – 413 б.